

"QazTrade" сауда саясатын дамыту орталығы" акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 23 қазандағы № 793 қаулысы

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 8-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрі Бақыт Тұрлыханұлы Сұлтановтың "QazTrade" сауда саясатын дамыту орталығы" акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің құрамына сайлануын қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин